

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ


«Бекітемін»

Қызылорда ашық  
университетінің ректоры

К.А.Бисенов

« 28 »

2023 ЖЫЛ



**Қызылорда ашық университетінің білім беру қызметін жүзеге  
асыруда сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтың  
алдын-алу жөніндегі қоғамдық комиссия  
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2023 ж.



**Қызылорда ашық университетінің білім беру қызметін жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі қоғамдық комиссия ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

Қызылорда ашық университетінің білім беру қызметін жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі қоғамдық комиссияның (бұдан әрі қоғамдық комиссия) ережесі

- Қазақстан Республикасының Конституциясына;

- ҚР «Білім туралы» Заңына;

- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына;

- ҚР Еңбек Кодексіне;

- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың» ережесіне;

- Университеттің Жарғысына сәйкес әзірленеді.

Ереже Қызылорда ашық университетіндегі білім беру ісінің сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, университет профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және білім алушылар арасындағы моральдық-психологиялық ахуалды қалыпты ұстауға көмектесу, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды мүмкіндігінше жақсарту, университеттің ішкі тәртіп ережесі мен еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге ықпал жасау, сонымен қатар, университетте сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын-алу және жою мақсатында жасалынды.

**II. Қоғамдық комиссияның жақталуы**

-қоғамдық комиссияның құрамы жаңа оқу жылының басында, университет профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің, білім алушылар контингентінің белсенді және ынталы мүшелерінен ерікті түрде бір жылға жасақталады;

-комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері ректордың бұйрығымен бекітіледі;

-комиссия құрамына университет ректоры толықтырулар енгізуге құқығы бар;

-комиссия мүшелерінің өз қызметтерін орындауы қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

**III. Қоғамдық комиссияның міндеттері мен құқықтары**

**Міндеттері:**

-университеттегі білім беру қызметінің Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарының қызметін ұйымдастыру туралы заңнамаларына сәйкес жүргізілуіне бақылау жасау;



-оқу үдерісін ұйымдастырудағы белгіленген тәртіп ережелерінің сақталуын қадағалау және оның бекітілген кестеге сай жүргізілуіне бақылау жасау;

-сыбайлас жемқорлық сипатындағы және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру;

-білім алушылардың үлгерімін аралық және ағымдық бақылаудың, күндізгі, күндізгі қашықтықтан оқыту түрлері бойынша емтихан сессиясының ережеге сай ұйымдастырылуын қадағалау;

- емтихан ведомостары дұрыс және сауатты, уақытында толтырылуын тексеру;

-қорытынды аттестаттаудың ережеге сай ұйымдастырылуына бақылау жасау;

-кадрлар бөлімімен бірлесіп, профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің жұмыс кестесінің сақталуы мен қызметтік міндеттерінің орындалуын бақылау;

-жатақханаларда әлеуметтік-тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық талаптардың бұзылмауына, ішкі тәртіп ережелерінің, білім алушылардың кезекшілік кестесінің орындалуына бақылау жасау;

-анықталған әрбір құқық және тәртіп бұзушылық оқиғалары жөнінде университет басшылығына жазбаша мәлімдеу және оларды жою жолдары туралы ұсыныс енгізу;

-сенім телефондары мен оқу ғимаратындағы ұсыныс-пікір жәшіктеріне түскен ақпараттарға талдау жүргізіп, қажет болса басшылыққа ұсыныс жасау, ал пікір иесі белгілі болса, нақты жауап қайтару;

-сынақ-емтихан сессиялары кезінде университет ректорына күнделікті ақпарат беріп отыру және аптасына бір рет сессия барысы туралы жиналыс жасау.

### **Құқықтары:**

-білім алушылардың үлгерімін бақылау түрлері (ауызша, жазбаша) бойынша бағалаудың шынайылығын қамтамасыз ету, келеңсіз құбылыстарға (бағаны білімге сай емес жоғары қою немесе әділетсіз төмендету, т.б.) жол бермеу, қажет болған жағдайда тәуелсіз апелляциялық комиссия құру;

-университеттегі еңбек тәртібі мен ішкі тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мен жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру мақсатында ұсыныстар жасау;

-университетке қарасты барлық материалдық-техникалық құндылықтардың (оқу жиһаздары, компьютерлік парк, оқу зертханалары, шеберханалар мен цехтар, т.б. нысандарда) еңбек, техникалық және өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарының сақталуына байланысты семинарлар ұйымдастыру;

-университет асханалары мен қоғамдық тамақтану орындарындағы тағамдардың сапасы мен санитарлық талаптардың сақталуына бақылау жүргізіп, ұсыныстар жасау;



-университеттегі мәдени-көпшілік, спорттық-сауықтыру және тәрбие жұмыстарының жоспарға сай сапалы жүргізілуіне ықпал жасау.

#### IV. Комиссия төрағасының міндеттері мен құқықтары

##### Міндеттері:

-комиссияның жоспарланған іс-шараларының толық және сапалы орындалуын қадағалау;

-сыбайлас жемқорлық сипатындағы және басқа да құқық бұзушылықтар анықталған жағдайларда шұғыл түрде ректорға жазбаша мәлімдеу;

-комиссияның әрбір мүшесінің атқаратын міндеттерін нақты айқындап беруге, оларды өзге жұмыстарға тартпау;

-комиссия жұмысы жөнінде Ғылыми кеңес алдында тиісті мерзімде есеп беруді ұйымдастыру.

##### Құқықтары:

-қажетті жағдайларды университеттің ақпараттық талдау орталығы және басқа мүдделі құрылымдармен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылар арасында қоғамдық-әлеуметтік маңызды немесе тақырыптық зерттеулер жүргізу туралы ректоратқа ұсыныс беру;

-зерттеулердің нәтижесімен Ғылыми кеңестің алдында тиісті ұсыныстар енгізу.

#### V. Қорытынды

Комиссия өз қызметін жыл бойы жүргізеді, ай сайын мәжіліс өткізіп, жылына екі рет, қысқы және жазғы сынақ-емтихан сессиясынан кейін Ғылыми кеңес алдында есеп береді.

##### Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов


Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

##### Әзірлеген:

«Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімінің меңгерушісі



Н.К.Саймағанбетов